

Жаннан қымбат оларға ар,  
Мен жастарға сенемін.

Мағжан



№ 43 (528)  
26 қазан, 2023 жыл

# АҚМЕШІТ жастары

Қызылорда облыстық жастар газеті

6+



Газет 2013 жылдың  
қыркүйек айынан бастап шығады



Елімізде  
мерейлі мере-  
өтті. 25 қазан –  
Республика күні.  
Салтанатты шара,  
дәстүрлі концерт.  
Қуанышқа толы лебіз  
әлеуметтік желіде дүркін-

дүркін  
тарады.  
Осы орайда  
маңызды  
мәселе бар.  
Жұртшылық айтулы  
датаның маңызын  
білгенімен, мазмұнын  
ұғына бермейтін секілді.  
Себебі «Тәуелсіздік күні  
мен Республика күнінің аражігі  
неде?» деген сауалнамаға көп  
оқырман тосылған еді. Сондықтан  
мереке қарсаңында аталған  
тақырыптың тінін тарқатайық.  
Республика күніне дәлме-дәл баға  
беру, маңызын тану үшін Тәуелсіздік  
мерекесін айту қажет. Себебі қос мерекенің  
статусы, символикалық мәні жуықтас,  
бір-бірін айқындай түседі. Тәуелсіздік  
мерекесінде халықтың өткені, егемендік  
жолындағы күреске назар аударылса,  
Республика күнінде мемлекеттің бүгіні мен  
болашағына басымдық беріледі.  
Атап өту үрдісін айқындау да осы  
ұстаным рөл атқармақ. Алғашқысында  
тарихи зерттеу, жалпыұлттық және  
өңірлік азаттық күресін дәріптейтін шара  
қолға алынса, соңғысында замануи  
жетістік пен ел дамуына түрткі болатын  
бастамға басымдық берілген. Сондықтан

болар, Республика күніне ұлттық мереке  
мәртебесін беру – ең маңыздысы бүгін мен  
болашақ екеніне ишара.  
«Неліктен 25 қазанда тойлану шарт?»  
деген заңды сауал туары анық. Бұған  
жауап декларацияда жатыр. 1990 жылы  
25 қазанда Қазақстанның Мемлекеттік  
Егемендігі туралы Декларация қабылданып,  
еліміз тәуелсіздік алуға алғашқы қадамын  
жасады. Осы ретте Мемлекет басшысы  
да Республика күні елдің мемлекет құру  
жолындағы тарихи қадамының символы  
болуы керек екенін айтқан болатын.  
Осы декларацияның арқасында біз  
кеңестік заңдарды қолданудан бас тартып,  
Ата заңымызды құруға қадам бастық.  
Сондықтан осы қағидаттардың негізінде  
кейінірек – 1991 жылғы 16 желтоқсанда –  
«Қазақстан Республикасының мемлекеттік  
тәуелсіздігі туралы» Конституциялық заң  
қабылданды.  
Республика күні мемлекеттік емес,  
ұлттық мереке санатына енді. Ұлттық  
мереке кезінде мемлекеттік органдарда  
міндетті түрде ресми іс-шаралар өткізіледі.  
Себебі олар ерекше тарихи маңызы бар  
және мемлекеттіліктің дамуына елеулі  
әсер еткен оқиғалар қатарына жатады.  
Ал Тәуелсіздік күні мемлекеттік мереке  
мәртебесіне ие болды. Бұл дегеніміз –

қоғамдық-саяси маңызы бар оқиғаларға  
арналған күндер.  
Жалпы Республика күні 2001 жылдан  
бастап ұлттық мереке тізімінде болған.  
Бірақ 2009 жылы Нұрсұлтан Назарбаевтың  
Жарлығымен алынып тасталған болатын.  
Ал 2022 жылы маусым айында Қасым-  
Жомарт Тоқаев Ұлттық құрылтай  
отырысында Республика күніне ұлттық  
мереке мәртебесін қайтаруды ұсынып,  
мерейлі мереке қайта оралды.  
«Ұлттық мерекелер мен атаулы күндер  
тізбесіне бірқатар өзгеріс енгізген жөн.  
Мен Республика күніне ұлттық мереке  
мәртебесін қайтаруды ұсынамын.  
Сондықтан, қазанның 25-і күні жыл сайын  
Егемендік күнін еліміздің басты мерекесі  
ретінде атап өтуіміз керек», – деген  
болатын Мемлекет басшысы.  
Тәуелсіздік – табанды күрес пен  
тағдырлы шешім нәтижесі. Олай дейтініміз,  
ата-баба азапты жүкті арқалап, келер  
ұрпаққа егемендік ұғымын аманаттай білді.  
Тәуелсіздікке жету жолында жүз құлап, мың  
сүрінді. Сондықтан ғасырлардан көктей  
өтіп, бүгінге жеткен тыныштық мұратын  
сақтап, елдікті – өркендеген республиканы  
сақтау әрбірімізге артылған міндет екені  
сөзсіз.  
Мерекемен, туған ел!

## «КӨЗМОНШАҒЫМ» ӘНІ ТАНЫМАЛ БОЛАДЫ ДЕП ОЙЛАМАДЫМ

### МАМАНДЫҒЫМ – МАТЕМАТИК, ХОББИМ – ӨЛЕҢ ЖАЗУ

Өңіріміздегі іргелі оқу орны М.Мөметова  
атындағы Қызылорда педагогикалық  
жоғары колледжін математика мамандығы  
бойынша тәмамдадым. Білімім есеп-қисапқа  
байланысты болса да, жаным өлең-сөзге  
жақын. Дей тұрғанмен диплом үшін төрт  
жыл оқып, сандық түбіне сақтамайтынымды  
сөздім. Қазіргі таңда мұғаліммін. Ал өнге  
сөз жазуды хоббиім ретінде қарастырамын.  
Сайып келгенде сан мен сөздің арасы алыс  
емес. Өнер өлкесінде жүруіме де сол себеп.  
Неге десеніз, өнге сөз жазуда да есеп пен  
шартқа жүгінесіз. Ауытқып кетуге болмайды,  
мұндайда сүйсініп тыңдайтын музыка жарық  
көрмейді.

Ермек үшін яки еріккеннен өлең жазған  
емеспін. Себебі сөз құны мен құдіретін  
түйсігіммен түсінемін. Өлбетте білім мен  
өнер саласының жүктейтін жауапкершілігі  
жеңіл емес. Соған қарамастан екеуін де  
теңгерімде ұстауға тырысамын.

### АҚЫННЫҢ БӘРІ ӨНГЕ СӨЗ ЖАЗА АЛМАЙДЫ

Жазба ақын, айтыскер және өнге сөз  
жазатын ақын болады. Бірақ өннің иіріміне  
түсіп, сөз жазу тіпті қиын. Поэзияда көкейге  
түскен, көңілді сөз еткізген ойды көркемдеп,  
қалағаныңша жазуға мүмкіндік бар. Шумақта  
шектеу болмай, буын санын да өзі шешеді.  
Ал өндегі ырғақтың ырқына көніп, буынға  
байланып, нотасына түсу оңай емес.  
Сөйте тұра музыканың мазмұнын ашатын

мағыналы  
ойды  
жеткізу де  
маңызды.  
Ән мен сөзде  
үйлесім болғанда  
ғана жүрекке жетеді.

### «КӨЗМОНШАҒЫМ» ӘНІ ХИТ БОЛАДЫ ДЕП ОЙЛАМАДЫМ

Махаббат  
тақырыбында жиі  
қалам тербейтінім  
рас. Сондықтан  
біршама ән лирикалық  
бағытта жазылған. Оны да  
түрлендірудің тәсілі бар  
ғой. Сөзімді сөйлетіп, бірде  
мұңды, бірде қуанышты  
өтіп жазамын. Әсіресе,  
«Көзмоншағым» әні  
кең таралып, әлеуметтік  
желілерде жақсы қаралым  
жинады. Өуелгіде ән туралы  
ештеңе ойламадым. Бірақ Жандос  
Қаржаубай хит болады деді. Саз бен  
сөздің сиқыры адамды елітіп, жүректі  
тебірітетіні жасырын емес. Сондықтан  
тыңдарман талғамынан шығу үшін көпірме  
көбік сөзге емес, жұп-жұмыр өтіп жазуға  
тырысып бағамын. Десе де бір тақырыптың  
төңірегінде айналышықтап қалу мақсат емес.



Жастығына  
қарамастан  
қарым-қабілеті  
арқылы көпті  
тәнті етіп  
жүргендер  
бар. Соның  
бірі – Досбол  
Нұрылла.  
Музыкаға  
машықтығы  
мамандығынан  
қашық етпейтін  
көрінеді. Өлеңнен  
өрнек құрып, сан  
мен саздың өлемінде  
өзіндік орнын қалып-  
тастырып үлгерді.  
Бірқатар туындысын  
өнер жұлдыздары  
шырқап жүр. Өннен мән,  
сөзден нәр кетпеуін  
назарға алатын Досболмен  
әңгімелескен едік.

Жан-жақты бақ сынап көруден именбеу  
керек. Өке-ана жайында жазылған әндер  
бар. Қазір патриоттық сарында да хит ән  
жазсақ деген ой бар.

Негізі ақын мен сазгердің бір-бірін түсіне  
алуы татымды туындының жарық көруіне  
ықпал етеді. Сөзім-күйін айтпай танып, үнсіз  
ұғыну – нағыз шығармашылық процесс.  
Қазір Айдын Сәндібаймен бірлесе жұмыс  
істейміз. Айдыңның әуезді әуеніне сөз жазу  
үшін тосылмаймын. Тыңдағаннан-ақ сөздер  
жүректен төгіліп, үнге сай төселе кетеді.  
Бүгінде ел арасына танылған әніміз көп.  
Эстрада жұлдыздары шырқап, өз деңгейінде  
орындап жүр.

### КАВЕР – 50 ПАЙЫЗ ДАЙЫН ӨН

Иә, көңіл құсын құйқылжытар әннің  
естісі де, есері де бар. Тыңдарман талғамы  
әртүрлі екеніне талас жоқ. Қай әннің  
қай уақытта хит боп кетерін болжап білу  
мүмкін емес. Ойға салмақ түсірер туынды  
жазсақ, ойнақы өнге құлақ қоятындар бар.  
Халтура ән де көбейіп кеткені жасырын  
емес. Қысқасы, тың ән жазу өте қиын.  
Көбі кавер айтуға әуес. Ол дайын ән ғой,  
өңдеп, қайта танымал етуге болады. Ескі  
әндердің жаңарып жатқаны да сол. Өуені  
өзгергенімен, ой мазмұны сақталған соң  
тыңдармандар да жаңа нұсқада тыңдауға  
бейім.

Замира ҚОНЫСЖАН

– “

Елімізде саясат сахнасында жүрген  
жас кадрлар жетерлік. Бойдағы қуаты  
мен ойдағы арманын туған елді түлетуге  
арнаған азаматтар атқа қонса, қазақ  
тайлы-тұяғы қалмай қуанады. Таяуда ғана  
Сырдария ауданына қарасты Айдарлы  
ауылының әкімі қызметіне тағайындалған  
Нұрбол Баянәліұлы осы қатарда. Сәті  
түсіп, сұхбаттасуды жөн санадық.

– Нұрбол  
Баянәліұлы,  
көптен бері мемлекеттік  
қызметте екеніңізді  
білеміз. Біршама  
сатыдан өттіңіз.  
Мемлекеттік қызмет  
деген ұғымды қалай  
түсінесіз?  
– Мемлекеттік  
қызмет – жай әншейін  
қызмет емес, елге  
қызмет ету, жақсы із  
қалдыра білу, адамның  
басына біткен бақ.  
Еңбек жолымды «КСМ  
және К» компаниясында  
слесарь болып бастадым.  
Зауыттың жұмысы

ауыр. Кейде екінші  
ауысымға қалуға тура  
келеді. Түнгі сағат  
2-3-тің шамасында  
сынып кеткен бетон  
араластырғыш  
машиналардың  
ішіндегі  
қатып қалған



## МЕМЛЕКЕТТІК ҚЫЗМЕТ – БАҒАЛАЙ БІЛГЕНГЕ БАҚ

бетонның алып, қосалқы  
бөлшектерін ауыстырып  
жатқанда әріптестерім  
«Қызыл дипломды  
слесарь» деп күлетін.  
Сол кезде оларға  
«Ертең Алла бұйырса,  
әкім болған кезімде  
осы сәттерді айтып  
отырамын» дейтінмін.  
Иә, мемлекеттік қызмет  
саласында жұмыс істеу  
арманым кішкентайымнан  
қалыптасты. Қаншама  
ұлылар, президенттер  
ұзбек жолын

қарапайым жұмысшыдан  
бастады. Елдің  
арасында өсті. Тіпті,  
аймақты басқарған Еркін  
Өуелбековтей қарапайым  
болуды үлгі еттім. Қызмет  
жолында ең төменінен  
бастап көтеріліп, өмір  
мектебінен, қызмет  
сатыларының бәрінен  
өтуді қаладым. Осы  
бағытым дұрыс та болды.  
Адамда екі сұрақ қана  
болады: «Кім? Не істеді?»  
деген. Осы екі сұраққа  
лайықты жауап болса  
екен деймін. Мемлекеттік  
қызметтің халыққа қызмет  
екенін, халыққа қолайлы  
жағдай жасап, елге еңбек  
ету керек екенін түсіну  
маңызды. Міне, жауапты  
қызметтің түп төркіні  
осында жатыр.

Бала  
күнімізде ауыл  
сыртында қой  
бағып жүргенде  
уақыттың шамасын жерге  
шыбық қадап, білетінбіз.  
Оңтүстік пен солтүстікті,  
батыс пен шығысты  
компассыз межелейтін дала  
баласының түсінігіндегі уақыт  
табиғатпен үндесіп жатады  
екен ғой. Өйтсе де, сол табиғи  
уақыт қолсағатпен үйлеспейтінді  
шығарды. Оны байқаған талайлар  
сағат ауыстырудағы қызу жұмыстың  
нәтижесін көрді. Иә, ұйқы қанды,  
тірлігіміз тындырымды бола бастады  
деп әлеуметтік желіде жазып, ой-  
пікірлерін білдіріп жатқанды көрдік,  
өзіміз де сезіндік. Ақиқаты осы.  
Бірақ табиғат-анамен кіндігіміз  
байлаулы, одан асып ешқайда бара  
алмаймыз. Әңгіменің төркіні осында  
жатыр. Қалыпты ритм қай кезде де  
пайдасын тигізеді.

САҒАТ БЕЛДЕРІНЕ СЫН КӨП

4  
бетте

3  
бетте





## Гала-концерт: Ақмешіттің аспанында ән әуеледі

Тамырын тарихтан алған аймақтың орны айрықша. Оған айтылатын дау да, тағылар күмен де жоқ. Жақсы істердің жаршысы болған соң ба қаламызға көбінің бүйірі бұрып тұрады. Әсіресе қала күні тірлігі қарбалас болса да тойлауда қарсылық танытпайды.

Көркейген келбетін сөзге қосып,

Тұрғындар түрлі шараға белсене қатысып, айтулы күнде қуанышқа кенеледі. Бұл жолы да қала күнінің әдемі нүктесі гала концертпен қойылды.

Орталық стадиондағы жарқын эмоция, көтеріңкі көңіл-күй мерекелік кешті жандыра түсті. Құбылмалы күннің райына қарамай, тамашалауға келген жастардың қарасы қалың. Облыс әкімі Нұрлыбек Нәлібаев қала тұрғындарын қос мерекемен құттықтады.

— Қазір Қызылорда құрылыс жұмыстары қайнаған қалаға айналды. Мерейтой аясында аймақтың бас шаһарында тұрғындардың көз қуанышына айналып үлгерген бірнеше ірі жоба жүзеге асты. Сәулетімен ерекшеленген әсем ғимараттар, көз тартар көркем

аллеялар тарту етілді. Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Кемелұлы биыл маусымда Түркістанда өткен Ұлттық құрылтайда «Қалалар мен ауылдардың сәулетті, саябақтар мен ауланың таза болуы, ең алдымен, басқа біреуге емес, өзімізге керек. Жұрттың бәрі өз үйінің жайлы әрі

бірқатар азамат ҚР Премьер-министрінің алғыс

хатымен және Қызылорда облысының Құрмет грамотасымен марапатталды. Мерекелік кеш концерттік бағдарламаға ұласты. Елге есімі жайылған

әдемі болғанын қалайды. Бұл — дұрыс. Азаматтарымыз қоғамдық орындар мен қоршаған ортаға да дәл сондай жанашыр көзбен қарауға тиіс. Қазақстан — бірімізге ортақ, оның қандай болатыны тек бізге байланысты, яғни, біз іші де, сырты да бүтін ел болуымыз керек» деген еді. Қала — өз үйіміз. Оған қамқорлықпен қарап, жанашырлық таныту — әрбіріміздің азаматтық борышымыз, — деді аймақ басшысы.

Салтанатты шара таным мен думанға толы болды. Ел ағалары марапат мінберінен көрініп, қошеметке бөленді. Яғни, Қазақстанның еңбек

сіңірген қайраткері, қаржы саласының ардагері Қалқазбек Әжібеков Қызылорда облысының Құрметті азаматы атанып,

эстрада жұлдыздары әннен шашу шашты. Олардың қатарында Еркеш Хасен, Еңлік, Садраддин, Ақбота-Нұр және жергілікті өнерпаздар бар. Аспан астында әуелеген ән тыңдармандардың құлақ құрышын қандырды. Жастар да қалыспай, қосыла шырқағаны жұрт жадында.

Киелі сахнада алғаш боп ән айтқан Ақбота-Нұр жылы лебізін білдірді.

— Қызылордада нағашыларым тұрады. Тіпті балалық шағымның аяулы сәттеріне осы қала куә. Өз басым қонақжай халқына дән ризамын. Міне, енді қала күнімен құттықтап келіп отырмын. Әрқашан көркейіп, гүлдене берсін деген ізгі тілегім бар, — деді ол.

Жиылған қауымды тәтті үнімен еліткен Еңлік те шығармашылығы жайында сөз қозғап, тұрғындарды мерекемен құттықтады.

— Кейінгі қос әнім кавер болатын. Алдағы уақытта кавер ән жазуға жоспар жоқ. Негізі мұнда соңғы рет мамыр айында келіппін. Демек, бұл бірінші келуім емес. Қала келбеті жаңарып, түрлене берсін. Сіздерге береке мен табыс тілеймін, — дейді әнші.

Сондай-ақ, өнерпаздар мерейлі мерекеге арнайы жазылған композитор Рамазан Таймановтың «Қазақтың Қызылордасы» әнін орындады. Көкте қызылды-жасылды от шашу

жарқырап, түнгі көріністі көркем етті.

Иә, мерекелік мезет ешкімнің есінен кетпейтіні анық. 2 сағат ішінде шырайлы шаһардың тарихы да баяндалып, ардагерлер құрмет төрінен көрініп, тың өзгерістер тасқа басылғандай айтылды. Ал эстрада жұлдыздары сыйлаған көңіл-күй көптің көңілін ұзақ уақытқа дейін тербейтін болады.

Нәзік АХМЕТ

Жыл санап жаңарып, күн санап көркейіп келе жатқан Алаштың Ақмешіті биылғы мерейтойын да толайым табыстармен тойлады. Тарих төрінде халқымыздың қастерлі «қазақ» атын қайтарған алғашқы астананың заманауи кейіпке еніп, көркіне көрік қосқанын көріп, кеуденді мақтаныш сезімі көрнейді. Қазақтың «Қос тойың қабат, екі дүниенің абат болсын» деген ақжолтай тілегі қабыл болғандай. Мереке тұсында облыс орталығында бірнеше маңызды нысандар ашылды. Олардың қатарында «Анаға тағзым» орталығы, неке сарайы және жаңа кейіпке енген аулалар бар.

индустрия орталығы» жұмысын бастайды. Қолынан іс келетін, жаңаша ұлттық брендтерді ойлап тауып, экспорт дамуына үлес қосатын жерлестерді бір жерге шоғырландырып, жаңа жұмыс орындарының ашылуына да жағдай жасалмақ. Мұнан бөлек, ғимаратта «Мирас» әжелер клубы, «Ұлт жақұты» музей залы, «Бойтұмар» қыздар клубы, «Сырғалым» сырласу клубы, «Жас отау» жас отбасылар мектебі, «Ана тілі» дебат клубы құрылды.

### «Неке сарайы» — бақ пен берекенің бастауы

Аймақтың 85 жылдық мерейтойына тартудың тағы бірі — неке сарайы. Жаңа өмірге қол ұстасып, қадам басқан жастар енді жаңа сарайда салтанат құрып, бақыт әлеміне бағыт алмақ.

«Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаев «Халқымыз қай заманда да отбасы дәстүрін берік ұстанып, қадірлей білген» деген болатын. Бұл орталықты іске қосудың әлеуметтік маңызы өте зор. Жыл сайын Сыр өңірінде мерейлі отбасылар саны артып келеді. Биыл «Отбасы күні» қарсаңында Астана төрінде 10-шы рет өткен «Мерейлі отбасы» ұлттық конкурсында жерлесіміз, ғасыр жасаған қазалылық майдангер, қазыналы қарт Қабак Смағұловтың әулеті лауреат атанды. Сыр жерінде отбасы құндылықтарын берік ұстаған өнегелі әулет біздің мақтанышымыз. Неке сарайы ғимаратын аша отырып, бұл дәстүрді одан әрі дәріптейтін боламыз. Орталықта қалыптасқан қағидаға сәйкес «қазақы қарашаңырақ» идеологиясы дәріптеліп, рухани кемелденген жаңа буын қалыптастыруға жағдай жасалады», — деді облыс әкімі Нұрлыбек Нәлібаев.

Нұрлыбек Машбекұлы Неке сарайы ғимаратын сапалы салып, мерзімінде тапсырған «Авангард» ЖШС басшысы Расул Ысқақовқа Қызылорда облысының «Құрмет грамотасын» табыстап, компания қызметкерлеріне алғысын жолдады. Мұнан бөлек, Сұлтан Бейбарыс көшесі бойындағы аллеяны салған «Техоснастка» мекемесі мен облыс көлемінде ауқымды жол құрылыстарымен айналысып келе жатқан «УАД» компаниясының басшылары мен қызметкерлері де марапат төрінен көрінді.

Айта кетейік, жаңа нысан неке қиюды ғана емес, жастардың жұбайлық өмірге бейімделуіне, денсаулығын сақтауына, жұмыспен қамтылуына, тұрғын үйге кезекке тұруына, ұлттық салт-дәстүрді сіңіруіне жәрдемдеседі. Мұнда Жастар денсаулығы, «Отбасы» банкі, «Бақытты отбасы» жұмыспен қамту

орталығы келушілерге қызмет көрсетеді.

Бүгінде облыста 141 мыңнан аса отбасы болса, оның 48 мыңнан астамы — көпбалалы аналар, 17 мыңға жуығы — «Алтын алқа» мен «Күміс алқа» иегері.

### Жаңарған аула — жайнаған көңіл

Қала күні мерекесі қарсаңында жаңа кейіпке еніп, жайнаған аулалар да пайдалануға берілді. Қайта жаңғыртудан өткен Абай даңғылы №47 үйдің ауласында жұртшылықты мерекемен құттықтаған облыс әкімі «Туған жерді түлетейік» бастамасына белсенді атсалысқан кәсіпкерлерге алғыс білдірді.

«Аймақтың бас шаһарында тұрғындардың мақтаныш сезімін оятып, көз қуанышына айналатын бірнеше ірі жоба жүзеге асты. Қалаға сән берген әсем ғимараттар, көз тартар көркем аллеялар мерейтойға арнап тарту етілуде. Жұрттың бәрі өз үйінің жайлы әрі әдемі болғанын қалайды. Азаматтарымыз қоғамдық орындар мен қоршаған ортаға да дәл сондай жанашыр көзбен қарауға тиіс. Туған жерімізді, туған қаламызды бірге түлетейік!», — деді аймақ басшысы.

Айта кетейік, аулаларды жаңартуға демеуші болған «Қыран» компаниясы мен оның басшысы, кәсіпкер Жайсаң Сыздықов «Құрмет грамотасымен», күрделі жөндеу жұмыстарын жүргізген мекемелердің қызметкерлері алғыс хатпен марапатталды.

Облыс орталығында мұнан бөлек те құрылысы қарқынды жүріп жатқан нысан жетерлік. Қаланың кіреберіс қақпалары да кісі көңілін қуантарлықтай күйде. Орталық көшелердің бірі Бейбарыс сұлтан көшесі де адам танымастай өзгерді.

Жайнай бер, Қызылорда!

Дәулет ҚЫРДАН

### «Анаға тағзым» — аналарға құрмет

Орталықты облыстың 85 жылдығына тарту деп бағамдауға әбден болады. Алтын құрсақ аналардың құрметіне салынған нысан елге белгілі кәсіпкер Марат Дүйсенбаевтың демеушілігімен 1,7 млрд теңге қаржыға салынған. Орталықтың ашылу салтанатында облыс әкімі Нұрлыбек Нәлібаев меценатқа алғыс айтып, аймақ халқын мерекемен құттықтады. Кәсіпкер облыстың «Құрмет грамотасымен» марапатталып, компания қызметкерлері де алғысқа бөленді.

«Ұлы жазушы Мұхтар Әуезовтің «Ел боламын десең, бесігіңді түзе» деген қанатты сөзі бүгін де мәнін жоғалтқан жоқ. Кезінде Социалистік Еңбек Ері атанған 12 ақ жаулықты анамыз шыққан біздің киелі өңірде қажырлы еңбегімен ел ықыласына бөленіп жүрген олардың ізбасарлары да жетерлік. Алдағы уақытта осы ғимаратта өткенге құрмет көрсетіліп, ұлттық құндылықтар дәріптеліп, салт-дәстүріміз насихатталады», — деді Н.Нәлібаев.

Салтанатты шараға еңбек ардагерлері Дайрабай Ысқақов, Алма Бақтиярова, Әзия Қыстаубаева, Темірбек Жүргенов қорының төрағасы Сәпен Аңсат қатысып, ыстық ықыласын білдірді.

Естеріңізде болса, мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаев «Әділетті Қазақстанның экономикалық бағдары» атты Қазақстан халқына Жолдауында экономиканы өркендетуге және халықты жұмыспен қамтуға ықпал ететін тағы бір бағыт — креативті индустрияны жан-жақты дамытуды жүктеді. Президент тапсырмасына сәйкес, «Анаға тағзым» орталығы ғимаратынан «Өйелдердің креативті





Жалғасы. Басы 1-бетте

## «Адам өміріне әсер ететін үш уақыт бар»

Уақыт белдеуі туралы әңгіменің бір ұшы шыға қалса, ойға алдымен Болат Нұрқожаев түседі. Талай жыл осы мәселені мінберлерде көтеріп жүрген жерлесіміз, ведомствоаралық топ мүшесі, қолданбалы хронобиология маманы.

«Адам өміріне әсер ететін үш уақыт бар. Біріншісі, табиғаттың уақыты. Мұны күннің шығуы және батуымен есептеу керек. Күн мен түннің ауысуы. Екіншісі, қолдағы әлеуметтік сағат. Бір-бірімен кездесетін, уағдаласатын, пойыздың уақыты, т.б. Үшіншісі, адамның биологиялық уақыты. Клеткада блокк деген ген бар. Адамның әрбір клеткасының өз сағаты бар. Егер де біз айтып отырған үш уақыт бір-бірімен үйлескен жағдайда ғана адамның денсаулығы, еңбекке деген қабілеті, психикалық жағдайы, қоғамдағы қатынастар, отбасылық жағдайлар, т.б. бәрі дұрыс болады», – дейді Болат Нұрқожаев.

Расымен, бүгінгі қоғамдағы ахуалға қарап-ақ, үш уақыт түрінің үйлеспей тұрғанын аңғару қиын емес. Өйткені, өзінің ішкі жан дүниесіндегі жағдайы мәз емес адам қай уақытта да айналасына мейірім-махаббатпен қарай алмайды.

## «Тал түс 12 болу керек!»

«Қазақ жерге қамшыны қояды да, соның көлеңкесінің ең қысқарған уақытын тал түс деп белгілеген. Яғни, ата-бабамыз сағат болмаған кезде уақыттың өлшемі табиғи уақытпен үйлесімін тауып, дәл қоя білген. Қазіргі заманда атом сағаты, қолдағы сағат, электронды, механикалық сағаттар шыққанымен уақыттың өлшемі қамшыны қойып, көлеңкесінің ең қысқарған уақыты тал түс сағат 12-ге сәйкес келуі керек.

Айта кетейік, 2018 жылғы желтоқсанның 21-інен 22-сіне қараған түні уақыт өзгерді. Ертеңіне маған көп адам хабарласты. «Түске дейінгі уақытымыз ұзарып кеткен тәрізді» деп. Себебі, бұрынғы уақытпен таң 9-да атады. 9-дан өте тіршілікке араласасың. Базар, тағы сондай нәрселер 10-да ашылады. Ал тал түс – 12. Сағат

жылжып кетті екен ешкім түскі үзілісті, тағы басқаны өзгерткен жоқ. Сондықтан түске дейінгі 2 сағат қана уақыт қалады. Осылайша арпалыс. Түстен кейін қалған жұмысты бітіресің. Міне, қалған жұмысты бітіру үшін жұмысты кешке дейін істеу керек болады. Қазір байқасаңыз, көп адам жұмысына сағат 8-де барып отырады. Біз осы сағаттық

белдеуді дұрыс қалыпта ұстай алсақ, онда адамға жағдай жасаған болар едік. Мысалы, қазір Еуропа елдерінде 3-те жұмыс аяқталады», – дейді Б.Нұрқожаев. Бүгінде сағат белдеуіне байланысты айтылар мәселе жетерлік. Оның адам денсаулығына пайдасы, уақыт белдеуінің дұрыс қойылмауы салдарынан аймақтағы аурушандық көрсеткіші мен адамдардың еңбекке қабілеттілігінің төмендеуі – мұның барлығы ел экономикасына, халықтың әлеуметтік-экономикалық ахуалына кері ықпал етеді.

«Бізде осы тақырыпта үнемі пікірталастар болады. Мұның жауабы: адам баласының жас ерекшеліктеріне қарай ұйқы режимі әртүрлі болады. Адам баласы туғаннан

бастап ерте тұрып, ерте жататын болады. Сәби кезінде. Жаңа туған балалар 18 сағат ұйықтайды, бірақ оларды біз оятпаймыз ғой. Өсе бастағанда олардың ұйқысы тұрақты қалыпқа ауысады. Жасөспірім кезде түнімен көше кезіп келетіндер бар емес пе, ол да ғалымдардың сөзімен айтқанда, жар іздейтін уақыты. Ол өз алдына кезең. Ал 40-50 жасқа жеткенде ол өз толқынының уақытымен қалыптасады. Ерте тұрып, ерте жатады. Қазіргі пікірталастың басты себебі – осы. Жас ерекшелікке қарай әсер етеді. Бұл әлеуметтік сауалнамамен шешілмейді деуім осыдан. Балалардан, сәбилерден қалай сауалнама аласың. Бұл ғылымның дәлелімен ғана шешіледі», – дейді хронобиология маманы.

## «Біз Астана уақытымен емес, Астана уақыты бізбен теңесуі керек»

«2000 жылғы 1749 деген қаулы. Уақыт белдеуіне келгенде басты құжат осы. Ол құжатта Қазақстан территориясы аумағы 4 және 5 белдеулерде делінген.

Экология министрлігіндегілер

4-ті алға жылжытсақ, Қазақстан аумағын тұтастай бірегей 5-белдеуге қалдырамыз деп ойлайды. Олар Астананы 5, бізді 4 белдеуде деп ойлайды. Ал қаулыда халықаралық өлшемге келгенде бір сағат алға жылжытылатыны айтылған. Яғни, 4 5-ке айналады, 5 6-ға айналады. Иран 3,5, Ауғанстан 4,5, Үндістан 5,5 сағаттық белдеумен өмір сүріп жатыр. Бізге 4,5 сағаттық белдеуді қолдансақ, барлығымызға тиімді. Бізде оны тиісті тарап түсінбей отыр», – дейді Болат Нұрқожаев.

Қалай дегенмен де, мамандар дәлелдегеніндей адамның өзі ояу болғанымен миы оянбай тұрып, ешқашан ешқандай тірлік алға баспайды. Сол себепті сағат белдеуіне келгенде жоғарыда айтып өткен үш уақыт бір-бірімен үйлессе игі. Әйтпесе, адам денсаулығы, еңбекке қабілеттілігі, психологиялық жағдайлары құралып, қоғамдық ахуалдың тұрақсыздығына, ал ол өз кезегінде экономиканың әлсіреуіне әкеледі. Бірақ бәрінен маңыздысы, тәуелсіз Қазақстанның келешегін тапсырар дені сау, салауатты ұрпақтың қалыптасуына кедергі. Ертеңді ойласақ, бүгіннен бастап дұрыс шешім қабылдайық!

Дәулет ҚЫРДАН



Кредит алғанда көрпеге қарай кесіліп, көтере алатын шоқпарды ғана белге байлаған дұрыс. Бірақ несие қамытын кигенде әрбір азамат оны төлей алатынына сенімді болады. Тек күнделікті өмірде сан түрлі соқпақ бар. Күні кеше төлемді жабуға қиналмай жүрген адам бүгін күтпеген жағдайға душар болып, банкпен текетіреске тап болуы ғажап емес. Оның үстіне халық арасында «қарызды туыстан сұрағанша, несие алған оңай» деген түсінік қалыптасқан.

## Енді ешкімнің кредиті кешірілмейді

Деректерге сүйенсек, қазір халықтың 84 процентінде, яғни 8 жарым миллион адамның басында қарыз бар. Банктен шектеусіз кредит алып, қарызға белшесінен батқандар жетерлік. Кейінгі бір жарым жылда бұл көрсеткіш 27 процентке артқан. Бірі жоқтықтан алса, бірі несиеге тәуелділігі мен қаржылық сауатының төмендігінен алады. Тіпті бүгінде микроқаржылық ұйымдарда 20-дан аса қарызы бар азаматтар бар. Ал Ішкі істер министрлігі тым көп несие алып, оны төлей алмай, салдарынан түрлі қылмысқа баратындар көбейгенін алға тартады. Қайғылы аяқталатын жағдайлар да бар. Биыл 12 борышкер өз-өзіне қол жұмсаған.

«Несиесі бар 40 азамат несиеcін жабатын ақша табу мақсатында қарақшылық шабуыл, тонау мен ұрлық жасаған. Әрине, оларды ақтамаймыз, заң алдында тиісті жазасын алады. Дегенмен, ойланатын жайт», – деді Ішкі істер министрінің орынбасары Игорь Лепеха. Шектеу болмаса, шектен шығу орын алып жатқаны рас. Қажеттілігін қарыз алып қанағаттандыратын жас көбейді. Парламент Мәжілісінің депутаты Қарақат Әбденнің айтуынша, несиенің 85%-і бизнесті ілгерілетуге не басқа да нақты мақсатқа алынбаған. Борышкерлердің дені – 27 жасқа дейінгі жастар. Олар көбіне смартфон, құлаққап сынды техниканы алып отырған. Тек 5%-і бизнес бағдарламалар бойынша алынған. Бірақ бұдан былай тұрақты табысы жоқ 21 жасқа толмағандарға несие берілмеуі мүмкін. Сонымен қатар Қазақстанда енді

ешкімнің кредиті кешірілмейді. Себебі 2019 жылы кредит кешірілгеннен кейін еліміздің қаржы секторында кредит көлемі қайта өскен. Оның ішінде проблемалық кредит те артты.

## Тойға несие алуға тыйым салыну керек

Қазақтың «үйленгенінен үйлі болуына» дейінгі әрекеті банкке байланғаны белгілі. Бұл ретте Қаржы нарығын реттеу және дамыту агенттігінің басшысы Мәдина Әбілқасымова, «тойға несие алуға тыйым салуға бола ма?» деген сұраққа жауап берді.

«Конституция бойынша біз адамдардың белгілі бір шығындарды жұмсау құқығын шектей алмаймыз. Егер адам несие алса, қазіргі талап бойынша ай сайынғы төлемдері кірісінің 50%-ынан аспау керек», – деді ол.

Агенттік басшысының айтуынша, қарыз алушыға борыштық жүктеменің жалпы коэффициенті енгізілмек. Ол ай сайынғы төлемнің қанша екенін ғана емес, сонымен бірге кіріске қатысты қарыздың жалпы мөлшерін де қарастырады. 300 мың теңге жалақы алатын адам үшін ай сайынғы төлем 150 мың теңгеден аспауы тиіс. Сонымен қатар кіріске қатысты алатын несиелердің максималды көлемі шектеледі. Мысалы, егер 300 мың теңгенің 6 жалақысын алсақ, онда барлық қаржы ұйымдары бойынша берешектің ең жоғары сомасы 1 800 000 теңгеден аспау керек.

Сарапшылар банкке қарызға батудан сақтануға шақырады. Экономист Шакизат Ниятуллина да тойды несиеге істеудің кемшіліктерін атады. Біріншіден, той бір кеште өтіп кетеді. Ал несие бойынша борыштық міндеттеме бірнеше жылға созылады. Екіншіден, тойдан түскен ақша үйлену тойының шығынын толық жабады деп күтудің қажеті жоқ. Үшіншіден, ақшадан қысылған кезде жастардың

# ҚАЗАҚ ҚАРЫЗҒА ӨМІР СҮРІП ЖАТЫР: ҚАЙТАРЫЛМАҒАН НЕСИЕ 3 ТРЛН – ҒА ЖЕТТІ

үйлену тойының несиеcі толық төленбей тұрып ажырасуы жиі кездеседі. Бұл жас жұбайлар отбасылық өмірін қарызбен бастауға мәжбүр болатынымен байланысты. Түрлі салдардан кейін несие де берілмеуі мүмкін.

## Қаржылық сауат кедейліктен құтқара ма?


Нарықтық қоғамда қаржылық сауат әрбір азамат үшін маңызды. Себебі күнделікті ақшалай операциялардан бөлек, несие, депозит, ипотека сынды ірі келісімдер бар. Оның әрбірі тиімді шешім қабылдау мен мұқияттылықты талап етеді. Бұл ретте «AMANAT» партиясы мен Halyk Bank қолға алған «Қарызсыз қоғам» қаржылық сауаттылықты арттыру жобасы жалғасуда. Жуырда Мөлдір Тұрысбекова есімді көпбалалы ана Мәжіліс мінберінде сөз сөйлеп, жобаға қатысты пікір білдірді.

– Өзім кредит алған кезде мүлде процентіне қарамаппын. «Қарызсыз қоғам» жобасы бойынша оқу барысында көптеген мәселені шешіп алдым. Өзім қарызға үйренгендіктен бе, балаларым да қарызға бейім. Дүкеннен

қарыз алғалы жатсам, «мама, мен де алайынш» дейді. Балаларға ондай нәрсені үйретпеуге тырысып жүрмін. Айлығым – 131 мың теңге, жәрдемақым – 55 мың теңге. Кредитім – 250 мың теңге. Ол кредитті төлеп жатқан жоқпын. Банк шоттарымды бұғаттап тастады. Қаржы сарапшыларының арқасында шоттарымның біреуін ғана аштым, – деді ол.

Қолға балықты емес, балық аулайтын қармақты беретін жобаны аманаттықтардың қолға алғанына көп болды. Жобаның негізгі мақсаты – жеке тұлғалар арасында проблемалық берешегі бар адамдардың қаржылық сауатын арттыру. Оқу биыл 2 мамырда басталып, жыл соңына дейін жалғаспақ. Ал қаржылық сауаттылықты арттыру бойынша тегін курс «AMANAT» партиясының аудандық филиалдарында бір топ 5 күн оқиды және бір топтағы адамдардың саны 30 бен 50 адамның арасында болады. Бұл – бір айда 3 топ оқып, өзін жетілдіреді деген сөз. Дегенмен, қаржылық сауат кедейліктен құтқара ма, жоқ па, жоба айтарлықтай нәтиже бере ме оны уақыт көрсетеді.

А.СНАДИН





Жалғасы. Басы 1-бетте

**Біздің анықтама:**  
**Нұрбол Жұмабеков 1989 жылы туған. Қорқыт Ата атындағы Қызылорда университетін «Агроинженерия» мамандығы бойынша тәмамдаған. Еңбек жолын 2010 жылы «КСМ және К» мекемесінде слесарь ретінде бастаған. Әржылдары аймақтың жеке сектордағы жобалаушы мекемелерінде жауапты инженерлік қызмет атқарған. 2015-2023 жылдар аралығында Қызылорда облысының ауыл шаруашылығы басқармасының бас маманы, Сырдария ауданы әкімі аппараты ұйымдастыру және инспекторлық жұмыс бөлімінің бас инспекторы, аудандық ауыл шаруашылығы бөлімінің басшысы, аудандық ауыл шаруашылығы және жер қатынастары бөлімінің басшысы қызметтерін атқарды.**

– Ұстаз ұғымы кең ғой. Осы ұғым аясына тоқтала кетейік. Өмірлік ұстаз, мемлекеттік қызметтегі ұстаз деп кімді атар едіңіз?

– Мемлекеттік қызметті ауыл шаруашылығы саласынан бастадым. Өзімнің қызығушылығыммен осы саланы таңдадым. Ауыл шаруашылығы басқармасында Бақыт Жаханов, Сейілбек Нұрымбетовтен көп нәрсе үйрендім. Кез келген қиындықты сабырмен, ақылмен жеңуді көрсетті. Сырдария ауданы әкімі болған Руслан Рүстемовті ұстаз ретінде ерекше айтамын. Ол кісіден кітап оқуды үйрендім. «Болашақта компьютер білетіндерді кітап оқытыңдар басқарады» деген бар. Тағат Дүйсебаевтан қарапайымдылықты сіңірдім. Мәжіліс депутаты Мұрат Нөлқожаұлынан талап қоюды үйрендім. Оның әр салада өзінің маманы отыру керек деген ұстанымы алға жетеледі. Мұрат Нөлқожаұлының жетекшілігімен аудандағы ауыл шаруашылығы саласындағы күрделі мәселелерді шештік. Иә, қызметтегі басшылардың өрбірінен бір-бір жақсы қасиеттен үйренсем де, маған өмірлік сабақ қатарына енеді. Сондықтан, менің өмірімдегі кез келген жан – менің ұстазым.

– Өрбір басшы өзі басқарып отырған уақытта ел есінде қалу үшін тыңнан түрен салуды қалайды. Жоғарыда өзіңіз



айтып өткен артына із қалдыру дегенге саяды. Бұл ретте өзіңіз не айтар едіңіз? Қандай іс атқардым деп айта аласыз? – Өзім кәсіппен де айналысып көрдім. Сол уақыттарда мемлекеттік мекемелердің



ұлт ұстазы Ахмет Байтұрсынұлы айтқандай, ең бірінші мінез керек. Мінездің ар жағында көп нәрсе бар. Алға қойған мақсат пен арманды қағазға түсіремін. Ал қағазға түскен

# МЕМЛЕКЕТТІК ҚЫЗМЕТ – БАҒАЛАЙ БІЛГЕНГЕ БАҚ

бюрократиясына көңілім толмайтын. Сол кезде алға «мемлекеттік қызметке барамын, сол кезде мұны өзгертемін» деген мақсат қойдым. Ауданға қызметке келгенде ауыл шаруашылығы, кәсіпкерлік және жер қатынастары салаларына жетекшілік еттім. Міне, сонда кәсіпкерлік саласында әр бағдарлама бойынша қанша құжат жиналу керек, оны кімнен алады, неше күнде дайын болады, бағдарлама шарттары тәрізді мәселелерді жинақтап, «шпаргалка» жасаттым. Қарапайым халыққа түсінікті болатындай еттік. Өрбір ауыл әкімдеріне тартып, қолжетімді етуді қолға алдық. Әрине, кішкентай жұмыс. Бірақ, елге әжептәуір септігі тиді. Ал ауыл шаруашылығы бөліміне барғанда қанша бойынша берілетін субсидиялар мен көмектерді де осы жүйемен түсінікті тілде дайындап, оны да халыққа қолжетімді еттік. Келушілердің қолына ұстатып жібердік. Шаруашылықтарға жететіндей етіп, оларды соңғы жаңалықтармен қамтамасыз етіп отырдық. Техника, тұқым, шикізат

көздерімен кәсіпкерлерді қамтамасыз ету үшін жарғақ құлағымыз жастыққа тимеген сәт көп. Жетікөлге 80 гектар жерге жаңа сортты күріш ектік. Сол күріштің авторы – өзім. Бұл да бір жаңашылдық. Отыз жыл игерілмеген жерді қайта игерудің өзі неге тұрады? Өлбетте, Алатауды арқалап әкелдім деп айта алмаймын, бірақ осылайша елге оңтайлы етіп, жағдай жасауға тырыстық. Мұндай сан алуан жұмыс бар. Әрине, төреші – халық. Бағасын ел береді.

– Сіздің ойыңызша, мемлекеттік қызметте адамға ең алдымен қандай қасиет керек?

– Дінмұхаммед Ахметұлы Қонаевты құрметтеймін. Мен сол кісінің айтып кеткен сөздерін өмірлік ұстанымға айналдырдым. Халықтың бел ортасында, елмен етене жұмыс істеп, халқына пайдасы тиген Қонаевтай қайраткер болғым келеді. Міне, бір сөзбен айтқанда мемлекеттік қызметкер қандай болу керек десе, мен Дінмұхаммед Қонаевтай болу керек дер едім. «Елге қызмет ету – білімнен емес, мінезден» деп

нәрсе міндетті түрде орындалады. Өрбір жеткен мақсат пен орындалған арманнан ләззат аламын. Облыста алған тәжірибемді ауданға, ауданнан алған сабағымды ауылда пайдаланғым келді. Міне, ауылға келгенде осы мақсатыма жеттім.

– **Xakim Абай «Өзіңе сен, өзіңді алып шығар, ақылың мен қайратың екі жақтап» деген екен. Өзіңізге қаншалықты сенесіз?**

– Әуелі Құдай, сосын өзіме сенемін. Армандаймын, мақсат қоямын. «Егер де армандай білсең, бүкіл әлем сенің арманыңның орындалуына жұмыс істейді» деген бар. Әкемнің «Балам, абыройға жұмыс істе. Абырой саған жұмыс істейді» деген керемет сөзі бар. Сол сөзі менің өмірлік ұстанымыма айналған. Елдің бағасы ердің мерейін өсіреді. Ал өзіне сенімді адам қай кезде де мықты екенін дәлелдейді.

– **Уақыт тауып, сұқбаттасқаныңыз үшін алғыс білдіреміз.**

Өңгімелескен Дәулет ҚЫРДАН

## МӘЖІЛІС МІНДЕТ ПЕН МИССИЯСЫН ОРЫНДАЙ АЛА МА?

Толғандырған мәселенің тұщымды тұжырымын жасаған жән-ақ. Шикіліксіз шешім халық игілігіне жараса құба-құп. Сараласаң санада туар сауал көп, елең еткізер жайт жетерлік. Мәжіліс – мәселенің мәнін тауып, байыпты байламға келетін жиын. Бірақ түйткілдің түйінін тарқатуға кім ықтияр? Қаузалған тақырып жабулы күйінде қалып жатқан жоқ па? Иә, депутаттар қоғам шырылын жеткізіп-ақ жатыр. Ал жағдай қалай жүйеленбек?

### ЖЕР КАДАСТРЫ: АШЫҚ АҚПАРАТ АЛУҒА НЕ КЕДЕРГІ?

Мәжіліс депутаты Бақытжан Базарбек жер кадастры бойынша Цифрлық даму, инновациялар және аэроғарыш өнеркәсібі вице-министрі Мәлік Олжабековке маңызды сұрақ қойған еді.

– Қазір Ақпараттық қауіпсіздікті күшейту жөніндегі заңды қарап отырмыз. 2016 жылы жерге қатысты үлкен митингілер болды. Салдарынан халық көтерілді. Ондағы ең негізгі мәселе жер кадастрын ашуға байланысты болды. Өрбір жердің артында қандай жемқор шенеунік, прокурор, әкім, судья және осы жүйемен ауыз жаласқан қандай олигарх тұрғанын халық білуі керек. Өкінішке қарай, бұл ақпарат ашылмады, – деді депутат.

Салмақты сұраққа нақты жауап ала алмаған депутат «өтірік әңгімеден» шаршағанын жасырмады.

– Қазақ «домбырам не дейді, мен деймін» деген мақал бар. Мен сізден жария кадастрлық карта туралы сұрамадым. Мен сізден «жердің иесі кім?» деп сұрап тұрмын. ... Жердің иесі мен оның аты-жөні туралы ақпарат ашық болуға тиіс. Орхус конвенциясына қосылдық. Конвенцияның күші Конституцияның 4-бабына сәйкес ұлттық заңнамадан басым болады. Өтірік әңгімені қашан тоқтатасыздар? Жер кадастрын ашу керек. Халықтың мұңы осы, – деді ол.

Иә, «жер мәселесі – өмір сүру мәселесінің ең зоры». Өйткені талас-тартыстың бәрі иесіз жатқан жер теліміне қатысты өрбиді. Ұлан-ғайыр иен жеріміз болса да, жайылымға орын таппай жүйкесі жұқарғандар жоқ емес. Шенділер геқтар жерді жұрттан жырып, жасырса халық қамықпағанда қайтсін?! Бұдан бөлек заңсыз иемденуге илікпейтіндер тағы бар. Өйтеуір, китүркі әрекет, айла-шарғымен алынған жерді айта берсек таусылмас. Бірақ көбі дерлік игерілмей бос жатады. Сондықтан шаруалардың шағымы орынды. «Жер аманатының» жәрдемімен

мемлекеттік меншікке қайтару және әділ үлестіру жұмыстары жүргізілген еді. Дегенмен әлі де жер телімі жайында ашық ақпараттар айтылмай, күдікті көбейте түсуде. Бұл ойнал жүріп ойланатын мәселе емес. Жер – халықтың қазынасы әрі жанды жері. Сондықтан буынсыз жерге пышақ сұғуды да қою керек шығар.

### ҚАЗІР МӘМС-КЕ МҰҚТАЖДЫҚ ЖОҚ

Үкімет сағатында бұқараның базынасы айтылды. Ел мен халық – бір ұғым. Олай болса, денсаулығы мықты, салауатты елдің болашағы да мығым болатындығы даусыз. Бірақ, денсаулыққа келгенде кім-кімнің болмасын, дегбірі қашады. Себебі, бұл салаға бірінің көңілі

толса,



енді бірінің өкпесі қара қазандай. Тұрақты емін алып, ауруынан айыққандардың жаудырған алғысы да, кей науқастың айтатын өз назы да бар. Тіпті біліксіздіктен өмірден озғандарды, жүйкесі тозғандарды да көрдік. Бұл тұста өңгіме ауаны қойылған диагноздың бұрыстығында емес, жүйелердің жөңсіздігінде. Дерт денені дендеп, саулығы сыр берсе де кезек күтіп, қызыл кеңірдек болады жұрт. Кезексіз дәрігер алдына аттап баса алмайсың. Ал МЭМС-тің шарапатын көргендер сирек.

– Бұл – ең алдымен, медициналық қызметтерді қаржыландырудағы теңгерімсіздік. Өкінішке қарай МЭМС моделінің өзі туралы нақты түсінік мүлде жоқ. Бастапқыда белгіленген параметрлерден ауытқу, республикалық бюджеттен қаржыландырудың жеткіліксіздігі, халықтың аз қамтылуы сақтандырудың тұрғындар үшін

тартымсыз болып қалуына әкеп соқты. Бүгінде осы жүйеден бас тарту туралы шағым көп. Медициналық көмектің сапасынан бұрын, біз қазіргі уақытта оның қарапайым қолжетімділігіне зәру болып қалдық. Науқастардың тар бейінді дәрігерлердің қабылдауын, ультрадыбыстық немесе компьютерлік томографияны бірнеше ай күтуі де жиілеп барады, – деді Әлеуметтік-мәдени даму комитетінің төрағасы Асхат Аймағамбетов.

Халық ай сайын қорға қаржысын құйса да, қызмет сапасы төмен. Жүйеге күдік басым,

сенім аз.

Тіпті мұны уақыт шығындаумен тең көріп, МЭМС-ті жоюды талап етуде. Депутаттар ұтымды ұсынысын айтып, мәселенің шешімін таппақ ниетте.

### ЕҢБЕК МИГРАНТЫ: ҚОРҒАНСЫЗ ҚАЛҒАН ЖАСТАР

Жастар күнкөріс күшке түскен уақытта жылдық қаржысын апта ішінде табуды ұйғарған. Өйтпесе, Еуропа елдеріне бірі құлпынай, бірі пияз теруге еріккеннен барып жатқан жоқ. Тіпті жұмыстың көзін тапқандар таныс-тамырын тартып, шетелге кеткендер саны күн сайын артып келеді. Бірақ ол жақта да тұнған тұзақ, толған қауіп екенін ескеріп жатқандар аз. Бұл туралы мәжіліс депутаты Нартай Аралбай әр отырыста тілге тиек етеді. Оңтүстік Кореяда заңсыз еңбек мигранты атанған Қазақстан азаматтарының мәселесін шешуді сұрады.

– Бұл сауалды өзге елде заңсыз

еңбек мигранты атанып, құқығы қорғалмай, қауіп қайдан келеді деп жаутандап отырған 20 мыңнан астам қазақ баласының арызы деп біліңіз. Жалақыға жарымай, табақтай дипломына лайықты жұмыс таппай, қазақ жастары қазір әлемнің әр түкпірінде қара жұмыс істеуге мәжбүр. Оларды сөуге ешкімнің құқығы жоқ. Қазір сол азаматтарымыз заңдық тұрғыда еш қорғансыз қалып жатыр. Оның бір дәлелі – Оңтүстік Кореяда еңбек етіп жатқан отандастарымыз. Ресми дерекке тоқталсақ, 2022 жылғы жағдай бойынша Оңтүстік Кореяда еліміздің 9600 азаматы заңсыз еңбек мигранты болып жұмыс істеді. Ал отандастарымыздың басын біріктіретін орталықтар қазір Оңтүстік Кореяда 20 мыңға жуық

қазақстандық жүргенін айттып жатыр.

Заңсыз жүрген еңбек мигрантының жағдайы түсінікті. Еңбек құқығы қорғалмайды, заңға сүйеніп жұмыс берушіден өз құқығын талап ете алмайды, – деді ол.

Иә, ащы дауыс ашынғаннан шығады. Бұл ретте депутат тез арада тиісті заң тетіктерін табуды ұсынды.

– Бұл ретте екі ұсыныс бар. Біріншіден, Қазақстанда «Еңбекке рұқсат беру жүйесіне» қосу үшін тиісті іс-шаралар жоспарын жедел пысықтауды тапсыру керек. Екіншіден, екі ел арасында ортақ келісім жасалғанша, Оңтүстік Кореяда заңсыз еңбек мигранты боп жүрген 20 мыңға жуық қазақстандықтың құқығын қорғайтын заңды тетікті тезірек табу қажет, – деді ол.

Түйіндей келе, бұқараның базынасы білік өкілдерін алаңдатуы тиіс. Құр сөзбен емес, іспен қуанту нәтиже берері сөзсіз. Мінберде көтерілген мәселелер қоғам басындағы қиындық. Ендеше қауқарлы қаулы, нақты шешім қабылданады деп сенеміз.

Нәзік АХМЕТ





Республика күніне орай өтетін шараларды облыс әкімі аппаратының басшысы Шахмардан Байманов өңірлік коммуникациялар қызметінде тарқатты.

Республика күнін кеңінен атап өту үшін арнайы жоспар әзірленіп, оған 50-ге жуық түрлі

## Мерекесіне мерекелік

форматтағы шаралар енгізілген. Қала және аудан орталығында көрнекі безендіруге ерекше мән беріліп, мерекелік концерттер, Мемлекеттік ту көтеру салтанатты шарасы, жыр кештері, ақындар айтысы, шешендер байқауы, әскери-спорттық сайыстар, кездесу кештері және кітап көрмелері ұйымдастырылды. Зиялы қауым өкілдері, ғалымдардың қатысуымен деңгелек үстелдер, сарапшылар кеңестері өтті.

– «Алтын дән» мерекелік салтанатты шарасы, облыстың 85 жылдығы мен Қызылорда қаласының 205 жылдығына орай «Тұмары Сырдың – Қызылорда» гала-концерті, қала және аудандарда «Алтын дән-2023» ауыл шаруашылығы өнімдерінің жәрмеңкесі және Ұлттық ат спорты бәйгесі өтті. Орталық «Ақмешіт-Сырдария» мешітінде «Жанашыр жүрек» жалпыхалықтық акциясы аясында қайырымды азаматтар демеушілігімен әлеуметтік осал топтағы 1000 отбасыға азық-түлік себеттері таратылды.

Жаңадан салынған әлеуметтік нысандар ашылып, Жаңақорған ауданында үй кезегінде тұрғандарға 50 тұрғын үйдің кілті табысталды. Бірнеше күн бұрын Жаңақорған ауданында облыс әкімінің қатысуымен «Жайлы мектеп»

ұлттық жобасы аясында бір мектептің құрылысы басталса, жақын күндері Қызылорда қаласында тағы бір мектептің іргетасы қаланады. Жалпы облысымызда 21 мектеп салынады. Биыл 10 мектептің құрылысы басталмақ.

Сондай-ақ, жақын күндері облыс әкімінің қатысуымен Қызылорда қаласында «Акса энерджи» түрік компаниясымен бірлесіп, 240 мегаваттық жылу электр орталығының іргетасы қаланады. Құны 215 млрд. теңгеден асатын бұл жоба 2025 жылы іске қосылады.

Биыл облыстың 85 жылдық мерейтойы аясында көптеген мазмұнды шаралар жоспарланған. Негізгі басымдық ғылыми-танымдық, мәдени-көпшілік шараларға беріледі. «Сыр елі» энциклопедиясы мен облыс тарихына арналған кітап шығарылады. Өңірдің тарихы мен бүгініне арналған республикалық ғылыми-практикалық конференцияның да маңызы зор.

Бұл шаралар аймақ тұрғындарына, оның ішінде, жастарға аға буынның қайраткерлігін, бүгінгі жетістіктерімізді және алдағы міндеттерді бағамдауға септігін тигізеді. Жыл аяғына дейін қала және аудандарда түрлі әлеуметтік нысандар, жолдар, көпірлер, көпқабатты тұрғын үйлер, дене шынықтыру-сауықтыру кешендері, балабақша мен дәрігерлік амбулатория секілді 60-қа жуық әлеуметтік нысан ашылып, ел игілігіне табысталады, – деді Шахмардан Байманов.

Алдағы уақытта Сыр өңірінде серпінді жобалар мен жүйелі жұмыстар жалғасын табады.

## МЕКТЕПТЕ АБАЙТАНУ КАБИНЕТІ АШЫЛДЫ



Республика күніне орай Абай мұрасын насихаттау, Абай шығармаларын тереңдетіп оқыту мақсатында Б.Ермекбаев атындағы №271 орта мектепте «Абайтану» және «Алаштану» кабинеті ашылды.

– Кабинетті ашудағы мақсатымыз – Абай заманынан кейінгі қазақ қоғамындағы үлкен құбылыс – Алаш қайраткерлерін және олардың ағартушылық саладағы сіңірген орасан зор еңбектерін кейінгі ұрпаққа, оқушыларға кеңінен таныстыру, насихаттау, – деді Қызылорда қаласы бойынша білім бөлімінің басшысы Ерлан Теңізбайұлы.

## ӘСКЕРИ ТӘРБИЕ БЕРУ КҮН ТӘРТІБІНДЕ



Жастарға әскери-патриоттық тәрбие беру аясында М.Сужиков атындағы №6 мектеп базасында «Әскери-патриоттық даңқ кабинеті» ашылды.

– Еліміздің дамуы мен өркендеуі жастарға тікелей байланысты екенін Ел Президенті Қасым-Жомарт Тоқаевтың «Жастар дамудың символы және жарқын болашаққа деген үміттің көрінісі» деген сөздері дәлелдейді. Жастарға тәрбие беру ісінде әскери-патриоттық жұмыстың мәні өте зор екенін де айқын көрсетеді. «Жас Сарбаз» қозғалыс филиалы осы Сыр өңірінде ашылған болатын, ең бірінші жастарды әскери-патриоттық тәрбиелеу бағытындағы екіжақты өзара ынтымақтастық меморандумы да Қызылорда облысынан бастау алды, – деді «Жас Сарбаз» жасөспірімдердің әскери-патриоттық қозғалысы төрағасы Мейірбек Оразұлы.

## РЕСПУБЛИКА КҮНІ ҰЛТТЫҚ РУХТЫ КӨТЕРЕДІ



Елдің әр азаматы үшін айтулы мереке – Республика күні. 1990 жылы қазан айының 25-і Қазақ КСР Жоғарғы Кеңесінің шешімімен «Қаз КСР-нің мемлекеттік егемендігі туралы» декларация қабылданды. Сол сәттен бастап тәуелсіз Қазақстан өзіндік көзқарасы бар жеке мемлекет ретінде таныла бастады. Бұл декларация – ел тәуелсіздігінің іргетасы.

Тәуелсіздікті қазақтың зиялы қауымы армандағаны және осы үшін ақын-жазушылардың репрессияға ұшырағаны тарих беттерінде айқын көрініс табады. Бұл – ата-бабамыздың аңсаған арманы жүзеге асқан, елімізге еркіндік сыйлаған ұлы күн.

Осындай маңызы бар тарихи думанда еліміздің туы асқақтап, келешегі көркейе берсін! Татулық пен еркіндіктің бастауы болған салтанатты күн қарсаңында Қармақшы аудандық прокуратурасы оқырманға игілік пен бақыт, бақ-дәулет, ырыс тілейді. Елдің тұрақты дамуы мен кемелденуі жолындағы еңбектеріңіз табысты, барлық бастамаларыңыз сәтті болсын!

Қармақшы ауданының прокуратурасы

## КІТАПХАНАЛАР 250 МЫҢ ОҚЫРМАНҒА ҚЫЗМЕТ КӨРСЕТЕДІ



Өңірдегі кітапханалар жылына 250 мыңға жуық оқырманға қызмет көрсетеді. Бұл аймақтағы оқуға қабілетті тұрғындардың 30 пайызын құрайды. Бұл туралы Өңірлік коммуникациялар қызметінде өткен брифингте Ә.Тәжібаев атындағы Қызылорда облыстық әмбебап-ғылыми кітапханасының директоры Нұрлыбек Мыңжас хабарлады.

– Облыстағы кітапханаларда заманауи бағытта 78 коворкинг орталығы жұмыс істеуде. Аймағымыздағы 209 кітапхананың 170-і интернет жүйесіне қосылған. Кітап оқуды насихаттау және азаматтардың қызығушылығын арттыру мақсатында «Kitap Fest» фестивалі, «Kitap Time», республикалық «Бір ел – бір кітап» акциясы, «Үздік оқырман» бенефисі, «Оқитын өлке» акциясы, «Кітаппен бірге өсеміз» сынды жобалар ұйымдастырылады. Кітапханада 7 бөлім мен 8 сектор оқырманға қызмет көрсетеді. Қордың құрамына кітаптар, мерзімді басылымдар, аудиокітаптар, электронды басылымдар, ноталық басылымдар кіреді, – деді Нұрлыбек Кәрібозұлы.

## СЫР ЖАСТАРЫН ҚОЛДАУ ЖАЛҒАСАДЫ



Қасиетті Қызылорда, сенің облыс атанып, отау болғаныңа, ел болып еңсе тіктегеніңе – 85 жыл. 85 жыл, 85 жас – кеудесіне бір ғасырдың мұрасын, санасына бір дәуірдің тұмасын қондырған данагөй қарттың жасы. Осы сеніңден асқан 85 жылдың 27 жылына куәгер екенмін.

10 жылға кері шегінсем, Сыр елі қатты өзгерген. Бәрі өзгеше. Жастар саласында азды-көпті еңбек етіп келемін, дәлірек айтсам, жастардан өзге салада жұмыс істеп көрмеппін. Бұл саланың алғашқы талабы – аз ұйықтап, көп білу.

2012 жылы «Жас Отан» жастар қанатына ерікті ретінде қабылдандым. Айналамда өзім сияқты ақкөңіл, ақеден жігіттер. Шап десе ой таңдамай, қыр таңдамай шаба беретін кезіміз ғой. Қызылорданың құшағы да, қабағы да ашық.

Жастар жай жұрмейді, тасыған қуаты миын дамылатқан емес. Мен де солай болдым. Аға толқын жастармен жүздеседі, бәрінің қоятыны «жастар, заман өздеріңдікі. Не ойларың бар? Не ұсыныстарың бар?» деген сауал. Сол сауал қойылған әр күні бойымды ой кернейтін.

Жастар үйлі болса, жұмыспен қамтылса, әр басқан қадамы бағаланып, өмірі өрлеуге толса, жиылатын орталығы болса дейтінмін.

Зер салып қарасам, сол армандарым орындалып жатыр. Биыл аймақ басшысының қолдауымен «Сыр жастары» жеңілдетілген нұсқада жастарды үймен қамтамасыз ету тетігі іске қосылды. Жақында 100-ге жуық жас, еңбекқор отбасы үйлі болады. Облыстық Жастар орталығының негізгі ғимараты әлі де қалыптасу үстінде. Одан бөлек, облыс аумағында 10 жастар орталығы бар, онда 200-ге жуық маман жұмыс істейді. Олардың жыл сайын жалақысы көбейіп келеді. Әкімшілік құрылымдар құрамы да жасарып келеді. Мемлекеттік қызметшілердің жастарға тиесілі пайыздық өлшемі едәуір өскен. Студенттерді жатақханамен қамтамасыз ету, қылмыс деңгейін түсіру, жастарды алабөтен діни топтардан, өміріне қауіп төндіретін ағым-күштерден сақтау – қоғамның негізгі мақсатына айналған. Жастарға жанашыр саналатын

көпшілік ҰЕҰ-ның жобаларына да қомақты қаржылық қолдау бар. Биыл «Отбасы орталығы» ашылды. Оның отбасы институтын қалыптастыруға сеп болатыны анық. Бұқаралық спортты дамыту мақсатында аудандарда спорт кешені көптеп салынуда. Осындай іргелі іс, оң өзгерістен соң ел деңгейіндегі жастар саясаты біздің өңірмен санасатын дәрежеге жеттік. Олай дейтінім, биыл тұңғыш рет жастар орталықтарының Республикалық үйлестіру кеңесі аймағымызда өтті. Соның нәтижесінде Жаңақорғандағы «Жаңақорған Жаңақорған жастары» қозғалысының асарлату әдісімен басталуы республика көлеміне үлгі ретінде таратылмақ. Яғни өзге өңірдегі жастар біздің бастамалардың шарапатын көретін болады.

Келбеті келіскен Сыр елінің жастарымен етене еңбек етіп жатқанымыз үлкен мақтаныш. Мереке құтты болсын, туған жер!

Талғат ТІЛЕС,  
облыстық жастар ресурстық орталығының директоры



# ТІЛ МЕН КӨЗДЕН КӨП КЕСЕЛ

Тіл-көз тию — дәстүрлі қазақ қоғамындағы наным-сенім түрі. Қазақта жақсы адамға, сұлу әйелге, жүйрік атқа, нәрестеге, сондай-ақ адамның атақ абыройына да көз тиеді деген ұғым бар. «Тіл тас жарады, тас жармаса, бас жарады» дегенді қазақ бекер айтпаған.

Қазақстан мұсылмандар діни басқармасы насихат және қоғаммен байланыс бөлімінің маманы Хамзат Қажымұратұлының айтуынша, шариятта да көз тию туралы айтылған.

«Тіл-көз тию шариятта да бар, ол расталған. Мұхаммед пайғамбардың «Көз тию хақ» деген хадисі бар. Пайғамбар заманында бір сахаба шомылып жатқан кезде екінші сахаба оған сұқтана қарағанда ауырып қалғаны туралы дерек бар. Сол кезде Мұхаммед пайғамбар «Адамның бойынан жақсы бір қасиет көрсеніздер, оған дұға жасаңыздар» деген.

Жиырма жыл тәжірибесі бар халық емшісі Айсара Өтебайқызының сөзінше, бір адамның екіншісіне теріс биоэнергетикалық әсері «көз тию» деп аталады.

Мұндай жағдайға душар болған адам әлсіреп, делсал халге түседі. Адамдар арасындағы іштарлық, жағымсыз қарым-қатынас көз тиюдің белгілері.

«Адам тіл көзден сақ болу үшін дұға оқу керек. Мысалы, үйден шыққанда «Аят әл-курси», «Фатиха», «Фәләк», «Нәс» сүрелерін оқуы шарт. Бұл сүрелерді ішінен оқып жүрсе, адамға тіл-көз тимейді деген Мұхаммед пайғамбардың хадисі бар», — деді Хамзат Қажымұратұлы.

Қазақтар бағзы заманнан түрлі әшекейлер, жас нәрестенің бесігіне үкі, моншақ тағып, бөбектің маңдайына күйе жағып қойған. Өйткені тіл мен көзден сақтайды деген сенім бар. «Сақтансаң сақтаймын» деген тәмсілді ескеріп, ырым мен жоралғыны сақтаған да жөн деп ойлаймын.

**Назкөрімсұлу ӘУБӘКІР,**  
Қорқыт ата атындағы  
Қызылорда университетінің  
4-курс студенті



Өркениетті еліміздің қазіргі таңдағы үлкен мәселесі — жастар арасындағы неке тұрақсыздығы. Қоғамның дерті, заман мен адамның азғындығына әкеп соққандай. Жастар «ғарыштық

ұшқанда соны ілерсің» дегендей, бұрынғы бір уыс дәнмен той жасап, есектің артына мінгесіп келген аналар болды. «Өкең келе жатыр» деген бір ауыз сөздің зілі мен салмағын салмақтатқан әке мысы қайда? Қазір ата-аналар тым балажан. Сол қасиеті азаматтарды сұсынан айырып, жалтақ етіп, қыздың алдында тізе бүгіп

## ЖАСТАР НЕГЕ ОТБАСЫЛЫҚ ӨМІРГЕ ЖЕҢІЛ ҚАРАЙДЫ?

атмосферамен» өмір сүруде. Өлеуметтік желі, сымсыз телефон адами құндылықты ұрлап барады. Ыстық-суығы тез басылатын қызба мінезді, шолақ ой, әсіресе, еліктегіш қасиетке ие жастар. Өрине, бәріне тіл тигізбеймін. Бұған себеп не?

Бірін-бірі ұнатып қосылған жастар шаңырақ құрады, керегені кеңейтіп екі елге қуаныш сыйлап, бата алып ұлан-асыр той жасайды. Бірақ өмірдің кішкене қиындығына шыдамай, ажыраса жөнеледі. Екі жасқа қолдау көрсетіп, тігісін жатқызып, жастарды бір-біріне жақындатар, ақыл айтып, жөнге салар, құдандалы жандар бар шығар. Алайда «ішіме сыйған бала, сыртыма да сыяды» немесе «тең-теңімен тезек қабымен» деп айтатын ата-ана бар. «Ұяда не көрсен,

ұсыныс жасауға дейін әкеп отыр. Бұл да болса әр елдің



сериялынан жұққан жаман дерт пе дерсің?! Жаман әдет жұққыш келеді. Қазақ — жетім көрсе жебеген ел, жесірін қаңғытпаған ел. Бұл күнде ажырасудың зиянын балалар көруде. Қиын тағдыр көрген жалтақ жанның қандай іргелі шаңырақ иесі шығады? Абай атамыз айтып кеткен «көйлегі көктік, қарны тоқтық, аздырар адам баласын» деп. Адам азып бара ма, заман азып бара ма?

«Заманақыр болғанда әйел базаршыл, еркек қазаншыл келер» деген сөз бар. Осы орайда сөз атасы Майқы бидің: «Ақырет жақындағанда әйел би болар, еркек жасып, и болар» дегені де ойландырмай қоймайды.

**Эльмира ЕРҒАЛИҚЫЗЫ**

## РУХАНИ БАЙ БОЛУ ҮШІН...



Адамзат жыл өткен сайын қателігін елеп-ескеріп, өткеннен нәтиже шығарып, әрқашан даму үдерісінде жүреді. Бұл прогресстің орын алуы ең алдымен сана бостандығы мен руханиятқа тікелей байланысты. Мәдениет, мораль, руханият секілді құндылықтар логиканың көмегінен тыс жан тыныштығын сыйлап, сыни тұрғыдан ойлануға, жаңа креативті идеяның туындауына үлкен сеп. Руханиятқа нақты объективті пайым беру мүмкін емес. Себебі әркімнің түсінігі бұл сұраққа әртүрлі жауап

береді. Кейбірі әдебиетті құп көруі мүмкін, бірі театр мен кинофильмдердің берері мол деп санайды.

Әдебиет — жанды емдейтін шипа. Өлемді танып, тұлға болып қалыптасуға көмектеседі. Күйбең тірлік пен қарбалас өмірден шаршаған жұртшылық тыныштық іздейді. Бұл жағдайда әдеби прозалар жақсылық пен жамандықты, адалдық мен арамдықты, өтірік пен шындықты ажыратып, көркем дүниелерді бойға сіңіруге ықпал етеді.

Ал, театр, өнер мен әдебиеттің қосындысы. Кез-келген

спектакльді тамашалау арқылы кейіпкерді психологиялық жағынан танып, шынайылықты аңғарамыз. Театрдың драма жанрынан өмірдің ащы шындығын аңғарып, адалдыққа куә боламыз. Комедия өмірге деген оптимистікті қайтарып, позитив шақырады. Оған канадалық режиссёр Р.Лепаждың “Адам бүгін театрға ертең адам болып қалу үшін барады” деген сөзі айғақ. Қазір адамдар өлеуметтік желідегі дүниені руханиятқа балайды. Дегенмен оған шектен тыс байлану дұрыс емес. Рухани бай болу үшін қолмен ұстап, кітап оқып, театрға барғаннан артығы жоқ.

**Аружан ӨШІРБЕК**

## Әке

Сенің маңдай тереңді көріп, басылушы еді шөлім, Сонда да бізге білдірмей ішке жұтатын шерін.

Күйігің — ең қасіретті кезім, Иығың — ең қасиетті төрім. Алқымымнан алып аузын ашса да ажал, “Тәйт” деген сөзіңнен қорқынышты емес өлім!

Осыдан 20 жыл бұрын ең үлкен оқиға болды сәтті, Себебі перзентханада “ақын” шырылдап жатты. Сол бір сәтте, Өкемнің қилы арманы да, Анамның қиналғаны да, Ғажайып әуендей естілді тәтті.

Сіз тірліктің қамытын кигенде-ақ басқа, Жазылу керек еді өзің туралы естеліктер мен дастан. Өке мен бала арасындағы мұғжиза деген осы. Тәңір бізді қалай керемет қып қосқан?!

Еңсеңіз түспесін, әке, Қандай қиындық көшсеңде бастан.

Оған шыдай алмайды Құдайдың құзырындағы аспан!

Әке, өмір дегенің шошып ояған түстей,

Көңіл керуенің сәт таянғанда қарақшылардай қаскөй. Ғұмыр сәулесін бұлт торлағанша бұлқынып өтем мәңгі,

Сіз аман тұрғанда жүремің бәлкім қайран дүниеге піспей. Алақаныңызда — әлем көрмеген нығмет, Бақытты балалық шақ үшін құрмет.

Қасымда болсаң әке, әзәзілдердің тамырын басып, Өзірейліге де күле қараймын іштей!

\*

Сен кетіп ең қаланы шарлап әрі, Болмағандай өмірдің сонда мәні. Сенің сәби көңілің шырылдаса, Менің ақын жүрегім қорланады.

Өз-өзіммен алысып мен жүдедім, Жоғалтарым жоқ бәлкім енді менің.

Кетерінде жолыңа көп қарадым, Шығып бара жатқандай соңғы демім.

Желкеніне жел үрлеп, ой кемеңің, Шарасыздан шаршаймын, сенделемін. Сенің ыстық кеудеңде өртке оранып, Өліп қалғым келеді кейде менің...

Кәпір ғалам сыйлайды мұңын маған, Сонда менің жанарым жымыңдаған, Мен секілді сені ешкім түсінбеген, Сен секілді мені ешкім ұғынбаған.

Көңілді қаяу басып, торлады мұң. Тағдырдың жазуы — жалған ұғым! Жалғыз кетіп барамын жанымды жеп, Сен екеуміз жүретін жолда бүгін.

Ойға баттым өзімше ән салдым да, Өн салдым да күй кештім сарсаң мұңда. Сенсіз өткім келмейді бұл көшеден, Ажал күтіп тұрғандай қарсы алдымда...

Есімханның даңғылы сұрланады, Болмағандай өмірдің сонда мәні.

Алғаш рет сағынып жыр жаздым да, Алғашқы рет жек көрдім бұл қаланы.

**Әли АСҚАР**







Эр-Риядта (Сауд Арабиясы) өтіп жатқан Бүкіләлемдік жауынгерлік өнер ойындарында WKF каратэден жарыс мәресіне жетті.

Күндізгі сессиядағы үш жекпе-жектің екеуінде қарсыластарынан басым түскен, жартылай финалда чехиялық Ондрей Бошакты ұтқан, күмите бағдарламасында финалға шыққан Дидар Анарбеков алаң иесі Санад Суфианиге жол беріп, II орын алды.

Еске салайық, Қазақстан құрамасынан осыған дейін күмите бағдарламасында 55 келіге дейінгі салмақ бойынша Бэлла Самашева күміс жүлдегер атанған болатын.

Ал 68 келіге дейінгі салмақтағы Нұрия Тізімбай өз тобында бірінші орын алғанымен, жартылай финалда тәжірибелі марокколық Виссал Эззарды ұта алмады.



## АЗИЯ ЧЕМПИОНАТЫ ӨТУДЕ

Астана қаласында 21 қазан – 4 қараша аралығында бокстан жастар және жасөспірімдер арасында Азия чемпионаты өтуде.

2005-2006 жылғы жастар мен 2007-2008 жылы туған жасөспірімдер Азия чемпионатының медалі үшін жекпе-жекке түсетін құрлық чемпионатына 23 елден 500-ге тарта боксшы қатысуда.

Бокстан жастар арасындағы Азия чемпионаты бұған дейін елімізде 2016 жылы Павлодар қаласында өтті. Азия чемпионаты Туризм және спорт министрлігі, Қазақстан бокс федерациясы және Астана қаласы әкімдігінің қолдауымен ұйымдастырылды.



Кәсіпқой боксшы Мейірім Нұрсұлтанов Бүкіләлемдік бокс ұйымының (WBO) нұсқасы бойынша орта салмақтағы жылдың үздік боксшысы деп танылды. Бұл туралы аталған ұйымның Доминикан республикасында өткен конференциясында мәлім болды.

2016 жылдан бері кәсіпқой бокста жудырықтасып келе жатқан отандасымыз бүгінге дейін 19 жекпе-жек өткізіп, 11 қарсыласынан мерзімінен бұрын басым түскен. Ол биыл сәуір айында Оңтүстік Кореяда жеңілістің кермек дәмін татпаған жапониялық Кадзутто Такесаконьы сегізінші раундта техникалық нокаутпен жеңген еді.

Қазіргі таңда жерлесіміз кәсіпқой бокстағы ең маңызды төрт белбеудің ішінде WBC нұсқасы бойынша – екінші, IBF бойынша – бесінші, ал WBO бағыты бойынша үшінші сатыға жайғасқан. Сонымен қатар боксшылардың статистикасын жүргізетін «BoxRec» басылымының мәліметіне сәйкес, М.Нұрсұлтанов дәл қазір Қазақстандағы ең мықты боксшылардың көшін бастап тұр.

## КАРАТЭШІАЕР 3 МЕДАЛЬ ЖЕҢІП АЛДЫ



Абылайхан Жұбаназар биыл үлкен белесті бағындырып, Грузияның астанасы Тбилисиде дзюдодан өткен «Grand Slam» турнирінде күміс жүлдегер атанды. Араға алты ай салып, Қытайдың Ханджоу қаласында өткен XIX жазғы Азия ойындарына қатысып, қола жүлде иеленді.

Қазалы қаласында 2000 жылы дүниеге келген Абылайхан қазақ күресіне 2013 жылы аяқ басты. Оның бозбілемдегі шапшандығын байқаған бапкері Мұхтар Күзентаев болатын. Талантты жасты қыран құстай баптаған бапкер мен еңбекқор шәкірттің ұзақ жылғы табан еңбек, маңдай тері уақыт өте ақталды. Әуелі ауданда, кейін облыс пен республикада спортшының жеңісті жолы басталды. Мәселен, республикалық «Жас барыс» турнирінде бес мәрте топ жарды. Кейін самбодан Азия чемпионы, дзюдодан Қазақстан жастары арасында екі дүркін жеңімпаз атанды. Осылайша, өзінің шын мықты екенін дәлелдеген балуан кейін байрақты бәсекелерде топ жарды.

– Биыл халықаралық жарыстарда бағым жанды. Жыл басында Грузияда «Grand Slam» да үздік үштіктен көрініп, күміс жүлдені еншіледім. Бұған дейін «Grand Slam» және Гран-при

жарыстарында жүлде алып көрмегенмін. Содан әлемдік доданың екінші күні 81 келіге дейінгі салмақта финалға дейін төрт кездесу өткіздім. Жарысты екінші айналымнан бастап, іріктеу кезеңінде Канада және Польша спортшыларын тізе бүктіріп, артта қалдырдым. Сонан соң ширек финалда молдовалық Виктор Стерпуден басым түстім. Ал жартылай финалда татами иесі, грузиялық Дмитрий Гочилидзеден вазари әдісімен ұтылып жатып, таза жеңіске жеттім. Ақтық сында аустриялық Уашид Борчашвилимен алтын жүлдені сарапқа салдық. Спорт болған соң жеңіс пен жеңіліс қатар жүреді. Ол жолы маған алтын емес, күміс медаль бұйырды, – деді ол.

Рас, 81 келі салмақтағы бәсеке дзюдодо өте жоғары. Әлемдік бәсекелерді есептемегенде ішкі біріншіліктің өзінде топ жару оңай шаруа емес. Оған осы кезге дейінгі жарыстарда көз жеткен.

– Бәсекелестің жоғары болғанының арқасында ысылып, оң нәтиже көрсетудеміз. Қытайдағы байрақты бәсекеге әлемнің кіл үздіктері келді. Нәтижеге көңіл толды, – дейді балуан.

Айтпақшы, сөзімізге арқау болған Ханджоудағы байрақты бәсекеде 81 келіде 30-ға тарта

шебері бақ сынады. Абылайхан бұлардың көбісінің әдіс-тәсілдерін білетін болып шықты. Олардың кейбірімен әлемдік жарыстарда жолы түйіскен еді. Жарысты көгілдір экраннан тамашалағанда көрерменге де бұл айқын байқалған шығар. Әйтеуір жартылай финалда тәжікстандық қарсыласы Соман Махмадбековке есе жіберген жерлесіміз осы сәтсіздіктен кейін үшінші орын үшін күресте өзбекстандық Мұса Собировтан басым түсті.

– Биыл Сыр спорты үшін жемісті жыл болды деп ойлаймын. Азия ойындарында дзюдодан Мағжан Шамшадин мен Нұрлыхан Шархан да қола жүлде иеленді. Сол сәттегі сезімді сөзбен айтып жеткізу мүмкін емес. Жаттықтырушы Қален Қалиұлына алғысым шексіз. Ендігі мақсат – 2024 жылы Париж татаминде тәуір нәтиже көрсетіп, ел қоржынына жүлде салу. Өйткені төрт жылда бір болатын Олимпиадада топ жару кез келген спортшының арманы, – дейді ол.

Иә, дзюдодо рейтингі жоғары спортшының ғана Олимпиадаға жолы түседі. Балуандардың босансуына болмайды. Абылайхан енді осы үдеден сүрінбей шықса, байрақты бәсекеде ел абыройын асқақтатарына сенім мол.

## АҢЫЗ|ФА ҚҰРМЕТ

Спортты дамыту дирекциясының баспасөз қызметінің мәліметі бойынша, Халықаралық конькишілер одағының «Челленджер» санатына енетін жарысқа жер-жаһанның 25 елінен келетін 130-дан аса дарынды спортшы қатысады деп жоспарланып отыр. Атап айтқанда, олардың қатарында кейінгі жылы халықаралық жарыстарда тәуір нәтиже көрсетіп жүрген отандасымыз, ел біріншілігінің бірнеше дүркін чемпионы Диас Жиренбаев,

ұйымдастырушылар тарапынан қаржылай сыйақыға да ие болады.

Жарыс бағдарламасы бойынша турнирдің соңғы күнінде мәнерлеп сырғанау спортының жанкүйерлері әлемдік деңгейдегі спортшылардың қатысуымен Денис Теннің туғанына 30

2-4 қараша күндері елордадағы «Барыс Арена» спорт кешенінде мәнерлеп сырғанаудан 2014 жылғы Сочи Олимпиадасының қола жүлдегері, 2011 жылғы қысқы Азия ойындары мен 2017 жылғы Универсиаданың жеңімпазы, еліміздің даңқты мәнерлеп сырғанаушысы Денис Тенді еске алуға арналған халықаралық «Denis Ten Memorial Challenge» турнирі өтеді.

2017 жылғы Еуропа жастар Олимпиадасының қола жүлдегері және 2020 жылғы жасөспірімдер арасындағы әлем чемпионатының қатысушысы грузиялық Ника Эгадзе, 2021 жылғы «CS Warsaw Cup» турнирінің чемпиондары – Диана Дэвис пен Глеб Смолкин (Грузия), эстониялық талантты спортшы Арлет Леванди және тағы басқа мәнерлеп сырғанаушылар бар. Сонымен қатар бұл додада даңқты жаттықтырушы Этери Тутберидзенің Николай Морозов, Ростислав Сеницын және Марина Зуева сияқты шәкірттері де өнер көрсетеді.

Турнир ережесі бойынша спортшылар өзара жекелей сын (ерлер, әйелдер) мен мұзда билеу сайыстарынан үздіктерді анықтап, ISU рейтингінде жағдайын жақсарту үшін қажетті ұпай жинауға тырысады. Сонымен қатар жүлдегерлер

жыл толуына орай үлкен гала-шоудың куәсі болады. Бұл кеште әлем чемпионы, төрт құрлық біріншілігінің үш дүркін жеңімпазы канадалық Ше-Линн Бурн, бірнеше маңызды турнирдің жүлдегері франциялық Мари-Пьер Лере және Денис Тен академиясының талантты түлектері де өз өнерлерін ортаға салады.

Халықаралық турнир 2019 жылдан бері елімізде дәстүрлі түрде өткізіліп келеді. Бұл сайыстың тұсауы алғаш рет Денис туып-өскен Алматы қаласында кесілсе, кейінгі жарыс 2021 жылы Астанада ұйымдастырылды. Ал былтырғы турнирді Алматы қаласы қайта қабылдаған еді. Ұйымдастырушылар биылғы бәсекені Астанада өткізуді жөн санаған екен.

Былтырғы Алматыда өткен додада ұлттық құрама спортшыларынан жекелей

сында Диас Жиренбаев қысқа және еркін бағдарламаны қосқанда тек грузиялық Ника Егадзеге есе жіберіп, екінші орынға табан тіреген еді. Ал әйелдер арасында корейлық Минче Ким ешкімге дес бермесе, қыздар сайысында 16 жастағы отандасымыз Анна Левковец те жалпы есепте екінші орынға тұрақтап, турнирдің күміс жүлдегері атанған.

Осы орайда Денис Тен «ISU Challenger» сериясындағы турнирлерде 3 мәрте жеңіске жеткенін айта кеткен жөн. Даңқты жерлесіміз 2009, 2014 және 2015 жылдары Хорватияда өткен «Zlatna pirueta Zagreba» (Golden Spin of Zagreb) турнирінде бас жүлдені жеңіп алған еді.

«ISU Challenger Series» турнирлері 2014 жылдан бастап қыркүйек пен желтоқсан айы аралығында өткізіледі. Бір айта кетерлігі, Халықаралық конькишілер одағы (ISU) жыл сайын «Челленджер» санатындағы жарыстар тізімін қайта бекітіп отырады.

## ЖЕҢІС ТАБАҢДЫЛЫҚҚА ТӘУЕЛДІ



Бетті дайындаған  
Е.ШАМШАДИН



– Тігіншіні инесі асырайды. Цехтағы табанды еңбек қалай басталды?  
– Қай жаста да жетістікке жету адамның өзіне байланысты. Меніңше, ынта мен құлшыныс несібені маңдай термен табуға себеп. “Далатекс” фабрикасына 17 жасымда практикаға келдім. Өндірістік тәжірибе барысында істі өнімді аяқтап, тігін саласының қыр-сырын меңгердім десем артық емес. Сөйтіп оқуымды бітіре салысымен жұмысқа орналастым. Бес жыл ішінде тігінші, цех мастері қызметін абыроймен атқардым. Толымды еңбек еткенде ғана нәтижеге жетуге болады. Жас буынға жасықтық тән емес. Айтарым, тігінмен де тиісті табысты табуға мүмкіндік зор. Шын шебер бір шеңберде шектеліп қалмайды.  
– Жоғары деңгей дәрежені көтеретіні белгілі. Бүгінде компанияда жоғары қызметке тағайындалдыңыз. Әсер қандай?

– Тігін фабрикасындағы тіршілік қызу жүріп жатыр. Кәсіптің кеңейіп, мекеменің ұлғаюына байланысты өндіріске жауапты орынбасармын. Сенім білдірген компания директоры Ділмұхамед Абызовқа алғыс айтамын. 23 жасымда күрделі саланың басында тұрып, жұмыс атқару мен үшін қуаныш. Енді білікті маман ретінде жұмысты жүйелі жүргізіп, тігін ісін жандандыруды жүзеге асыруға асықпын.  
– Компания отандық өнім шығаруда өңірде көш бастап келеді. Қазір қандай іргелі өзгерістер бар?


– Алға-

шында ерлер жейдесін шығарып, атауы нарыққа танымал фабрика жұмысы қарқынды. Отандық өнімді шетелге экспорттап жүргенінен де бәрі хабардар. Тіпті мектеп формасына дейін тігіп, қолжетімді бағада сатылымға шығарып келдік. Мұның бәрінде тынымсыз еңбек пен табандылық жатыр. Сондай-ақ, коронавирус кезінде де халыққа қажетті медициналық маска тігіп, бірнеше данасын көпке ұсынғанымыз ұмыт болмайтыны анық.  
Ұлттық көрмелерде фабрика өнімі қойылып, жан-жақтан тапсырыстар түсуде. Бұл да цех жетістігін толықтырмақ. Сонымен қатар “Қазгермұнай”, “Қаражанбас”, “Қазақтелеком” және Ішкі істер органдарының қызметтік жейдесі мен басқа да мекеменің арнайы киімдерін тігеміз. Өнімдер өңірде ғана емес, өзге аймақтарда да сұранысқа ие.  
– Тапжылмай отырып тігін тігу оңай емес. Тәулігіне қанша тапсырыс орындайсыздар?

– Иә, тігіншінің әр ісі бейнетке толы. Киім тігісінің қалпында шығуы үшін көз майын тауысады. Кейде киім жібі сетінеп кететін жағдай болады. Сондықтан әрбір өнім, түскен тапсырысты тыңғылықты орындауға мән береміз. Ұжымның ұйымшылдығы да осында. Фабрикадағы тігін машинасының сартылдаған дыбысы үздіксіз жұмыс істейтінімізді аңғартады. Содан болар жылдамдыққа иек артып, тапсырысты сол мезетте аяқтауға тырысамыз. Тәулігіне 400-500 дана киім өндіріп шығарамыз.  
– Компанияның кәсібі көңейіп келеді. Кадр

тапшылығы жоқ па?  
Жастар тігінші болуға ынталы ма?  
– Тігіннен де табыс табуға болатынын айтып өттім. Қазір құрақ-көрпе, киім-кешекке сұраныс әлдеқайда жоғары. Демек, тігінші еңбегі де елеулі деген сөз. Фабрикаға практикадан өтуге бірнеше студент келеді. Жұмыстың қауырт, уақыттың тығыздығына қарамай шеберлер тігінге бейімдейді. Әрі қарай икемі барлар жұмыс істеуге қалса болады. Бізде жастарға мүмкіндік көп. Қазір тек қыздар ғана емес, ер-жігіттер де тігін саласына келуде. Бұл нарықта өзіндік орын қалыптастыруға үлес деп білемін.

Өңімелескен  
Замира  
ҚОНЫСЖАН



## «LOVE IS»: КӨРЕРМЕН ҚОЙЫЛЫМДЫ ҚАЛАЙ ҚАБЫЛДАДЫ?

Әлем әде-биетінде ғашықтардың символына айналған Ромео мен Джульетта, қазақ тарихындағы Төлеген мен Қыз Жібек, Баян Сұлу мен Қозы Көрпеш, бертін келе Ербол мен Меңтайдың хикаясы жүрек тебірентеді. Қиындықты қол ұстасып өткерген қос ғашықтардың бірге болуға деген ұмтылысы өзгеше.  
Н.Бекежанов атындағы музыкалық драма театрда сахналанған «Love is» спектаклі де шынайы махаббатты әспеттеді. Қойылым жауапсыз махаббат, жаралы жүрекке ем іздеген ғашықтардың махаббат майданындағы машақатын суреттеді. Сананы улаған миллиондаған сұрақ, сан түрлі сезімдерді бастан кешкен басты кейіпкердің студенттік шақтағы хикаясы көрерменге қандай әсер қалдырды?  
**Батырхан Амангелдиев, актер:**  
– «Love is» спектакліндегі кейіпкерім – Рүстем. Жоғары курстың студенті. Ермек, Рүстем және Шыңғыс үшеуміз доспыз. Сәл-пәл мінез айырмашылығы әсер етті. Себебі мен өмірде жұмсақ адаммын, ал кейіпкерім тік мінезді, қызуқанды. Өзінен кішілерді жұмсап, қатқылдық танытады. Өз басым мен бұл сипаттаулардың қарама-қарсы нұсқасымын.  
Қойылымды сахналау барысында аса қиындық туындамады. Оң жамбасыма түскен рөл деп айтсамда болады, өйткені өзімнің басымнан кешкен студенттік кездерімді еске ала отырып сомдадым.  
Көріністен іліп аларлық дүние деп, махаббат жолында жан пидә еткеннің бәрі елеусіз қалмайтынын айтқым келеді. Пьесада Рүстем мен Ермек діттегеніне жету үшін, яғни құлай сүйген ғашықтарының жүрегін жаулау үшін барлығын істейді. Заманының жастары осы біз сахналаған көріністерідей махаббат


үшін бәріне дайын болса екен деп айтқым келеді.  
**Мәлике Сәбитқызы, қала тұрғыны:**  
– «Театр – хас сұлудың көз жасындай мөлдір өнер» деп бекер айтпаған. Өмірдегі тұйықтанды мәселені бүге-шүгесіне дейін айқын сомдап, жылатып та, күлдіріп те, санаға сан түрлі ой салған қойылым көп. Мұнда көп сұраққа жауап аласың. Соңғы 2 жылдың көлемінде театрға жиі барып тұрамын. Көптеген қызықты қойылымдарға бардым. «Кездесу мен қоштасу», «Ромео мен Джульетта», «Құстар фестивалі», «Екі қожаға бір қызметші» және т.б премьераларды тамашалаған болатынымын. Ал жақында «Love is»-дің көрермені болу бұйырыпты. Бұл менің театрға деген махаббатымның күшеюіне үлес қосты. Театр актерларының қойылымды жоғары дәрежеде ойнағанына, шеберлігі мен рөлге деген жауапкершілігіне риза болдым.  
**Ханым Алпамыс, қала тұрғыны:**  
– «Love is» комедиясында актерлар өте шынайы ойнады. Кейде сол оқиға ішінде өзін жүргендей елестеді. Қойылымда 3 студент дос жігіттің ғашық болған қыздарына сезімін жеткізе алмай,

сергелдеңге түсіп жүрген күлкілі сәттердің көрінісін көркем көрсете білген. Қыздардың жүрегін жаулау үшін оларға тосыннан пранк жасап, әсем әнмен, бимен көңілін аулауға тырысқан. Осы керемет көріністі тамашалап отырып, университет қабырғасындағы достарым, топтастарыммен өткен қызықты шақ пен шынайы махаббат сезімін кешкен сәттерім еріксіз көз алдымнан зулады. Сол себепті күнделікті қарбалас өмірден демалып, руханы баю үшін театрға келіп тұруға кеңес беремін. Сыр сахнагерлерінің шабыты сарқылмай, қазақтың киелі сахна көрермені таусылмасын деп тілеймін!

Жинақтаған  
Нұршат НЫШАНОВА



**ТОҚТЫ**  
Осы аптада олжаға кенелесіз. Мансабыңыз өсу үшін басшылық талабын қабылдап, құрметтеуді үйренуіңіз керек.  
**ТОРПАҚ**  
Армандарыңыздың орындалуы жолында асығып-аптығудың қажеті шамалы. Алдағы аптада басқалармен бірлесіп істеген жұмыс жемісін береді.  
**ЕГІЗДЕР**  
Қаржы мәселесі өзіңіздің бақылауыңызда болмақ. Жеке өмірде қасыңыздағы адамның түсіністігі мен қолдауы сізге қажет.  
**ШАЯНДАР**  
Сабырмен, ақылмен әрекет етуге дағдыланыңыз. Бәрі өзіңізге байланысты. Алда тамаша күндер күтеді.  
**АРЫСТАН**  
Көп еңбектенуге тура келеді. Кез келген нәрсеге қаржы құюға дайын болыңыз.  
**БИКЕШ**  
Ортақ мақсат, шаруа міндеттер қызықты болмақ. Сіздің өміріңіз маңызды бетбұрыс, өзгерістер ықпалында тұр. Сәуірде материалдық жағдайыңыз жақсарады.  
**ТАРАЗЫ**  
Сіз күшті сынақтан өтіп, шыңдалдыңыз. Сондықтан өміріңіз өзгереді. Осы апта сіз үшін тосын сыйларға толы болмақ. Өз сезімдеріңізді бағалаған жөн.



**САРЫШАЯН**  
Тұрмыс жағдайыңыз жақсарып, көңіл күйіңіз бір қалыпқа түседі. Бірақ сіздің мүмкіндіктеріңіз бұдан да мол табысқа кенелуіңізге жетерлік. Іскерлік әлемінде кездескен жаңа жобалардан бас тартпаңыз.  
**МЕРГЕН**  
Алдыңғы күндері өзіңізді жолаушыдай сезінесіз. Қарбаласқа толы апта. Ешкімнен ештеңені жасырмаған жөн. Жеке басыңызға қатысты келеңсіз оқиғаларға тап болуыңыз мүмкін. Бірақ абыржымай, шындығын айтыңыз.  
**ТАУЕШКІ**  
Жүрегіңізге көбірек құлақ түріңіз. Қандай да бір ұсынысы болып жатса, бас тартпаңыз. Өйткені қазір бәрі жақсы болғанымен, кейін өкінуіңіз мүмкін.  
**СУҚҰЙҒЫШ**  
Жанұяңызға да көп көңіл бөліп, жұмыс пен отбасы мәселесін үйлестіріңіз. Ал уақытыңызды дұрыс жоспарлай білсеңіз, бәріне үлгересіз.  
**БАЛЫҚТАР**  
Егер сүйегіңізге сезіміңізді білдіре алмай жүрсеңіз, іске кірісетін уақыт келді. Ренжіскен адамыңыздан көшірім сұрап, қарым-қатынасқа уақыт бөлген дұрыс. Ең қымбат нәрсе – адамдар екенін ұмытпаңыз.

Кезекші редактор: Замира ҚОНЫСЖАН